

"Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықтылым төлемдерінің мөлшерін бекіту туралы" Шымкент қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 12 қарашадағы № 248 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Шымкент қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 19 маусымдағы № 2932 қаулысы. Шымкент қаласының Әділет департаментінде 2024 жылғы 20 маусымда № 214-17 болып тіркелді

Шымкент қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықтылым төлемдерінің мөлшерін бекіту туралы" Шымкент қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 12 қарашадағы № 248 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4778 тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Шымкент қаласының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулыны Шымкент қаласы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы қаулыны Шымкент қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шымкент қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласының әкімі

Г. Сыздықбеков

Шымкент қаласы
әкімдігінің 2024 жылғы
"19" маусымдағы № 2932
қаулысына қосымша
Шымкент қаласы

Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықталым төлемдерінің мөлшері

Олимпиадалық спорт түрлері, Паралимпиада, Сурдлимпиада және паралимпиадалық емес спорт түрлері бойынша ай сайынғы ақшалай жабдықталым төлемдерінің мөлшері					
№	Жарыс атауы	Жұлделі орын	Төлем мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)		
			Спортшы	Жаттықтырушы	Клубтық команданың жетекшісі
1	Олимпиада ойындары, Паралимпиада ойындары, Сурдлимпиада ойындары (жазғы, қысқы)	1-орын	500 АЕК	130 АЕК	130 АЕК
		2-орын	300 АЕК	110 АЕК	110 АЕК
		3-орын	250 АЕК	90 АЕК	90 АЕК
2	Ә л е м чемпионаты (ересектер арасында)	1-орын	150 АЕК	100 АЕК	100 АЕК
		2-орын	125 АЕК	80 АЕК	80 АЕК
		3-орын	100 АЕК	65 АЕК	65 АЕК
3	Азия ойындары (жазғы, қысқы), Пара Азия ойындары (жазғы, қысқы), Дүниежүзілік Универсиада (жазғы, қысқы)	1-орын	130 АЕК	80 АЕК	80 АЕК
		2-орын	110 АЕК	60 АЕК	60 АЕК
		3-орын	100 АЕК	40 АЕК	40 АЕК
4	Жасөспірімдердің Олимпиада ойындары (жазғы, қысқы), А з и я чемпионаты (ересектер арасында), Әлем чемпионаты (жастар арасында)	1-орын	90 АЕК	50 АЕК	50 АЕК
		2-орын	75 АЕК	40 АЕК	40 АЕК
		3-орын	60 АЕК	30 АЕК	30 АЕК
	Ә л е м чемпионаты (1-орын	60 АЕК	40 АЕК	40 АЕК
		2-орын	50 АЕК	30 АЕК	30 АЕК

5	жасөспірімдер арасында), Азия чемпионаты (жастар арасында)	3-орын	40 АЕК	25 АЕК	25 АЕК
6	Қазақстан Республикасының чемпионаты (ересектер арасында), Қазақстан Республикасының спартакиадасы (жазғы, қысқы)	1-орын	80 АЕК	30 АЕК	30 АЕК
		2-орын	65 АЕК	25 АЕК	25 АЕК
		3-орын	50 АЕК	20 АЕК	20 АЕК
7	Жастар ойындары (жазғы, қысқы), Қазақстан Республикасының чемпионаты (жастар арасында)	1-орын	40 АЕК	25 АЕК	25 АЕК
		2-орын	30 АЕК	20 АЕК	20 АЕК
		3-орын	20 АЕК	15 АЕК	15 АЕК

Олимпиадалық емес және ұлттық спорт түрлері бойынша ай сайынғы ақшалай жабдықтық төлемдерінің мөлшері

№	Жарыс атауы	Жүлделі орын	Төлем мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)		
			Ұлттық спорт түрлері бойынша	Олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша *	Басқа спорт түрлері бойынша **
1	Әлем чемпионаты (ересектер арасында)	1-орын	120 АЕК	80 АЕК	70 АЕК
		2-орын	100 АЕК	60 АЕК	50 АЕК
		3-орын	80 АЕК	40 АЕК	30 АЕК
3	Азия ойындары (жазғы, қысқы)	1-орын	100 АЕК	80 АЕК	-
		2-орын	80 АЕК	60 АЕК	-
		3-орын	60 АЕК	40 АЕК	-
4	Азия чемпионаты (ересектер арасында), Әлем чемпионаты (жастар арасында)	1-орын	80 АЕК	60 АЕК	50 АЕК
		2-орын	65 АЕК	50 АЕК	40 АЕК
		3-орын	50 АЕК	40 АЕК	30 АЕК
5	Әлем чемпионаты (жасөспірімдер арасында), Азия	1-орын	60 АЕК	40 АЕК	-
		2-орын	50 АЕК	30 АЕК	-

	чемпионаты (жастар арасында)	3-орын	30 АЕК	25 АЕК	-
6	Қазақстан Республикасының чемпионаты (ересектер арасында), Қазақстан Республикасының спартакиадасы (жазғы, қысқы)	1-орын	60 АЕК	50 АЕК	40 АЕК
		2-орын	45 АЕК	40 АЕК	30 АЕК
		3-орын	35 АЕК	30 АЕК	20 АЕК
7	Жастар ойындары (жазғы, қысқы), Қазақстан Республикасының чемпионаты (жастар арасында)	1-орын	40 АЕК	25 АЕК	20 АЕК
		2-орын	30 АЕК	-	-
		3-орын	20 АЕК	-	-

Ескертпе:

Төлемдер спортшы және оның жаттықтырушысымен келісім шартқа сәйкес спорттық дайындықты жалғастарған жағдайда келесі сәйкес жарыстарға дейін жүзеге асырылатын болады. Егер спортшы (немесе жаттықтарушы) бір жылдың ішінде спорттық жарыстарда, оның ішінде әртүрлі спорт түрлері бойынша бірнеше жоғары нәтиже көрсетсе, онда ақшалай жабдықталым мөлшерлері спорт түрлері бойынша ең жоғары көрсеткіштің бірі бойынша жүргізіледі.

* - Азия ойындары құрамына кіретін, Халықаралық олимпиада комитетімен белгіленген олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша ай сайынғы ақшалай жабдықталым төлемдерінің мөлшерлері;

** - Азия ойындары құрамына кірмейтін, Халықаралық олимпиада комитетімен белгіленбеген, олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша ай сайынғы ақшалай жабдықталым төлемдерінің мөлшері.